



ҚАЗАҚСТАН  
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЭКОЛОГИЯ  
ЖӘНЕ ТАБИҒИ РЕСУРСТАР  
МИНИСТРЛІГІ

«ҚАЗГИДРОМЕТ»  
Республикалық Мемлекеттік  
кәсіпорны

## 2025–2026 ЖЫЛҒЫ ҚЫС МАУСЫМЫНЫҢ

### МАУСЫМДЫҚ БЮЛЛЕТЕНІ

*Қазақстан аумағындағы  
орташа айлық ауа температурасы және айлық жауын-шашын  
мөлшерінің аномалиясы*

### ӨЗЕКТІ АҚПАРАТ

- 2025-2026 жж. қыс маусымы жылы болды, орташа айлық ауа температурасы  $+1,9^{\circ}\text{C}$ -тан жоғары болды. Алайда елдің батысында және қиыр шығысында ауа температурасы қалыпты болды
- Қыс маусымындағы атмосфералық жауын-шашын елдің басым бөлігінде жауын-шашын тапшылығымен ерекшеленді.


Астана 2026

*Шығарылымға жауапты:*  
Ә. Жақып – F3O K3B жетекші ғылыми қызметкері  
Е. Аманулла – F3O K3B жетекші ғылыми қызметкері

## ОРТАША АЙЛЫҚ АУА ТЕМПЕРАТУРАСЫНЫҢ АНОМАЛИЯЛАРЫ

Ауаның орташа температурасының **2025-2026 жылдардағы кезеңінде қысқы маусым** оң аномалиямен ерекшеленді, климаттық нормадан  $+1,9\text{ }^{\circ}\text{C}$  асып түсті.


Ауа температурасының оң аномалиясы қыстың жылы жағдайларына қарай жоғарылауы байқалады және болып жатқан өзгерістердің тұрақты сипатын көрсетеді, әсіресе соңғы онжылдықта айқын көрініс табады (1–сурет).



1 – сурет. 1941-2026 жылдар кезеңінде Қазақстан аумағы бойынша орташаланған жылдық ауа температурасының қыс маусымы ( $^{\circ}\text{C}$ ) аномалияларының уақыттық қатарлары.

Аномалиялар 1991-2020 жылдардағы базалық кезеңге қатысты есептелген.

2025-2026 жж. қысқы маусымда Қазақстанның барлық аумағында ауа температурасының  $+1^{\circ}\text{C}$ -тан жоғары аномалиясы басым болып, Түркістан облысында  $4,4^{\circ}\text{C}$ -қа жетті (2–сурет). Маңғыстау облысының аумағы мен елдің қиыр шығысы қалыпты температурамен сипатталды. Осы маусымда еліміздің барлық өңірлерінде орналасқан 142 метеостанцияда 75-95% аспау ықтималдығымен «жылы» градиациясына кірді. Алматы облысының Жалаңаш, Мыңжылқы, Алматы ОГМС, Үлкен Алматы көлі метеостанцияларында 95-100% - дан аспау ықтималдығымен «экстремалды жылы» санатына түскен температура аномалиялары тіркелді.




2 – сурет. 1991–2020 жылдардағы кезеңге қатысты есептелген 2026 жылғы қыс маусымындағы орташа айлық ауа температурасы ( $^{\circ}\text{C}$ ) аномалияларының кеңістіктік таралуы және 1941–2026 жылдардағы кезеңге сәйкес есептелген ауа температурасының аспау ықтималдығының кеңістіктік таралуы

## АТМОСФЕРАЛЫҚ ЖАУЫН-ШАШЫННЫҢ АЙЛЫҚ МӨЛШЕРІ

**2025-2026 жылдардағы қысқы маусым** ел аумағында жауын-шашын тапшылығымен сипатталды және  $-20$  мм құрады.


Зерттеу кезеңінде жауын-шашынның аномалия тенденциясы тұрақты көрсеткішті сипаттайды. Жауын-шашын мөлшері климаттық норманың үнемі төмендеуімен және жоғарылауымен өзгереді. Зерттелетін маусымның көп бөлігінде жауын-шашын аномалиясының теріс көрсеткішінің, соның ішінде соңғы 10 жылдағы көрсеткіштер басым (3-сурет).



3-сурет. 1941-2026 жылдар кезеңінде Қазақстан аумағындағы қыс маусымы бойынша кеңістіктік орташаланған жылдық (%) аномалиялардың уақыттық қатарлары. Аномалиялар 1991-2020 жылдардағы базалық кезеңге қатысты есептелген.

2025-2026 жылдардағы қысқы маусымда жауын-шашын нормасының 80%-дан кем мөлшері елдің барлық аймақтарында байқалды (4-сурет). Маңғыстау және Павлодар облыстарын қоспағанда, норманың 80%-дан кем жауын-шашын тапшылығы еліміздің барлық аумағында басым болды. Климаттық норманың 120%-дан асатын жауын-шашын мөлшері негізінен Атырау облысының батысында, Маңғыстау облысының басым бөлігінде, Қостанай облысының қиыр солтүстігі мен батысында, Ақмола облысының солтүстігі мен оңтүстігінде, Павлодар

облысының барлық жерінде, Қарағанды облысының орталық бөлігінде, сондай-ақ Қызылорда мен Түркістан облыстарының кей жерлерінде тіркелді. Тайпақ, Құйған, Мойынқұм, Қордай метеостанцияларының деректері бойынша 5% экстремум тіркеліп, «экстремалды құрғақ» градациясына кірді.



4-сурет. 2025-2026 жылдардағы қыс маусымының атмосфералық жауын-шашын мөлшері (1991–2020 жж. кезеңге есептелген нормадан % бойынша) мен атмосфералық жауын-шашын мөлшерінің аспау ықтималдығының кеңістіктік таралуы (1941–2026 жж. кезеңі)